



ЭНЕРГЕТИКА ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫН ЖАҢҒЫРТУ МАҢЫЗДЫ

Мемлекет басшысы Энергетика министрі Алмасадам Сәтқалиевті қабылдады.

Президентке ведомство жұмысының негізгі қорытындылары мен еліміздегі отын-энергетика кешенін дамыту жоспары, сондай-ақ мұнай-газ және энергетика салаларындағы ірі жобалардың жүзеге асырылуы жөнінде ақпарат берілді.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа жылыту маусымының барысы және жылу-электрмен қамту бойынша ірі нысандардың жұмысы туралы баяндалды.

Мемлекет басшысы жылыту маусымын ерекше бақылауда ұс-

тауды және энергетика инфрақұрылымын жаңғыртуға қатысты жобаларды іске асыруды тапсырды.

Президент Қазақстандағы атом электр станциясының құрылысын жеделдетудің маңызын атап өтті.

«РУХТАСТАР» СЫЙЛЫҒЫ: ҮЗДІК ЖАСТАР МАРАПАТТАЛДЫ

Елордада «AMANAT» партиясының «Жастар Рухы» жастар қанаты үздік волонтерлер мен белсенділерді марапаттады. Қоғамдық қызмет пен жастар саясатын дамытуға қосқан үлесі үшін берілетін республикалық «Рухтастар» жастар сыйлығы қатарынан үшінші жыл табысталып отыр. Салтанатты рәсімге Мәжіліс депутаттары, қоғам қайраткерлері мен жастар көшбасшылары қатысты.

«AMANAT» партиясының жастар қанатының кезектен тыс VI съезінде Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев жастар үшін үш маңызды басымдықты атап өтті – білімге ұмтылу, еңбекқорлық және патриотизм. Сол кезде жастар қанатын трансформациялау бағдарламасы қабылданды. Мемлекет басшысының реформалар бағытына жастарды топтастырып, оларды қоғамдық қызметке ынталандыру мақсатында «Жастар Рухы» жастар қанаты «Рухтастар» сыйлығын үшінші жыл қатарынан ұйымдастырып келеді.

(Жалғасы 3-бетте)



МӘСЕЛЕ

ТӨЛ ШАҢҒЫРАҚ – ЖЕТІМ ЖҮРЕК ЖӘННАТЫ



«Жетім көрсең жебей жүр» деп халқымыз бекер айтпаған. Тарихында талай нәубет, мекнат, зұлматты өткерген қазақ елі ата-анасыз қалған балаларды аман сақтап, солардың арасынан шыққан хан, батыр, ғұлама, дарын иелерінің бағын ашты, ұлты мақтан тұтар ұланға айналдырды. Тағдыр теперішіне ерте түскен жетімектер қазіргі заманда да қамқорлыққа зәру. Елде 63 мыңға жуық жетім «Балалар үйінен» шығып қалып, «жетім-бұрыш» жағалап жүр. Оларды баспанамен қамту мәселесі қаншалықты шешімін тапты?

→ 4

Елордамыз Астананың көрікті жері Орталық саябақта шаңғы тебу маусымы ашылды. Шаңғы жарысы бірнеше жас ерекшеліктері бойынша 500 метр және 2,5 шақырым қашықтықта өтті.

АСТАНАДА ШАҢҒЫ МАУСЫМЫ АШЫЛДЫ

Орталық саябақтағы шаңғы-роллер жолы қала тұрғындарының сүйікті орындарының біріне айналған. Қыс мезгілінде мұнда көптеген спорт әуесқойлары жиналып, таза ауада уақыт өткізеді. Ұйымдастырушылар алдағы уақытта да осындай шараларды тұрақты өткізіп тұратынын жеткізді.

Қысқы шаңғы маусымының ашылуына орай ұйымдастырылған жарыстың алғашқы сайысына 11 жасқа дейінгі балалар қатысты. Олар 500 метр қашықтықта жарысып, жылдамдығы мен төзімділігін сынады. Ал 12 жастан аскандар 1 шақырымға жүгірді. Жүзден жүйрік шыққандардың қатарында 6-сынып оқушысы Айдарбек Абылайхан да бар.

→ 6

БҮГІНГІ НӨМІРДЕ:

ҚАҢҒЫБАС ИТ ҚАУІП ТУДЫРАДЫ

Елдің қай аймағында болмасын бұралқы иттер көбейіп барады. Қоғамда «Жануарларға жауапкершілікпен қарау туралы» заңға байланысты үлкен резонанс болғанымен, түйткілдің түйіні тарқатылып, заңға өзгеріс енгізілер емес.



→ 7

ҒАСЫП ДЕРТІ S.O.S

Музыкалық жас көрермен театрында драматург Мадина Омарованың S.O.S атты драмалық қойылымының премьерасы өтті. Қоюшы режиссері – Аман Ғұмаров.



→ 8

24 ЖЕЛТОҚСАН 2024 | СЕЙСЕНБІ



СЕНАТОРЛАР ӨҢІРЛЕРГЕ БАРАДЫ

Сенат Спикері Мәулен Әшімбаевтың төрағалығымен палата бюросының отырысы өтті. Онда 26 желтоқсан күні өтетін Сенат отырысының күн тәртібі бекітілді және депутаттардың өңірлерге баратын сапарларына қатысты мәселелер талқыланды.

Іс-шара барысында Мәулен Әшімбаев жақын күндері сенаторлардың өңірлерге сапарлары басталатынын атап өтті. Осыған байланысты ол барлық мүдделі тараптың кешенді көзқарасын талап ететін жұмыстың негізгі бағыттары мен міндеттеріне тоқталды.

«Депутаттардың өңірлерге сапарының басты мақсаты — азаматтарды аландатып отырған өзекті мәселелерге баса назар аудару және сол проблемалардың оң шешілуіне атсалысу. Сапар кезінде шалғай елді мекендердің тұрғындарымен, карапайым еңбек адамдарымен және шаруалармен кездескен абзал. Кездесулер барысында елімізде жүргізіліп жатқан реформалардың маңызын және Парламент қабылдаған заңдардың негізгі ережелерін де жан-жақты түсіндіру қажет», — деді Сенат Төрағасы.

Сондай-ақ депутаттар Сенат отырысының күн тәртібін бекітті. Соған сәйкес алдағы бейсенбіде болатын жылдың қорытынды отырысында сенаторлар «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік қызмет мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңды қарайды. Сонымен бірге «Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң да қаралады. Заң арқылы қоғамдық жұмыстарға тарту түрінде өкімшілік жаза енгізіледі және оны орындау тетігі айқындалады.

Бұдан басқа бюро отырысында Мәжілістен келіп түскен заңдар жұмыс үшін Сенаттың тұрақты Комитеттеріне бөлініп берілді.

КОММУНАЛДЫҚ СЕКТОРДЫ ЖАҢҒЫРТУ ЖОБАСЫ МАҚҰЛДАНДЫ

Премьер-Министр Олжас Бектенов Мемлекет басшысының еліміздің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын жаңғырту жөніндегі тапсырмасының орындалуы бойынша кеңес өткізді. «Энергетикалық және коммуналдық секторларды жаңғырту» ұлттық жобасы инженерлік желілердің апаты мен тозу деңгейін төмендетуге, коммуналдық қызметтердің сапасы мен сенімділігін арттыруға бағытталған.



Электр энергиясын өндіру үшін 5 259 МВт-қа дейін жаңа қуаттарды іске қосу бойынша 15 жобаны іске асыру, сондай-ақ жұмыс істеп тұрған 14 нысанды жөндеу және реконструкциялау жоспарланып отыр. Жүргізілген жұмыстар нәтижесі бойынша қуаттылық 7,3 ГВт-қа артады деп болжануда, қолданыстағы активтерді жанарту тозудың орта есеппен 15%-ға төмендеуіне әкеледі. Жаңғырту барысында 86 мың шақырым коммуналдық желілерді қамту жоспарланып отыр.

Премьер-Министрдің орынбасары Қанат Бозымбаев энер-

гетикалық және коммуналдық секторлардағы өзекті мәселелер республика бойынша жөндеу қуатын арттыру және желілердің тозу деңгейі 65-70%-дан асатын өңірлерге баса назар аудару арқылы шешілетінін баяндады.

Ұлттық жобадан импортқа тәуелділікті төмендету және жаңа жұмыс орындарын ашу үшін отандық өнеркәсіпті қолдауға ерекше назар аударылды. Экономиканың аралас салаларын, соның ішінде металлургияны, өңдеу өнеркәсібін және басқа да саланы дамытуды ынталандыратын 27 жаңа өндіріс салу жоспарлануда.

Премьер-Министр Ұлттық экономика министрлігіне мүдделі мемлекеттік органдармен және ұйымдармен бірлесіп, Ұлттық жоба бекітілгеннен кейін оның сапалы іске асырылуын қамтамасыз етуді тапсырды. Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің алдына ТКШ өнімдерін өндіретін отандық кәсіпорындардың толық жүктемемен жұмыс істеуіне жағдай жасау міндеті қойылды.

Кенес қорытындысы бойынша Энергетикалық және коммуналдық секторларды жаңғырту жөніндегі ұлттық жоба тәсілдері мақұлданды.

КӨЛІК-ЛОГИСТИКАЛЫҚ ӘЛЕУЕТТІ ДАМУ ТҮРІ

Мәжілісте елдің көлік-логистикалық әлеуетін дамыту туралы Үкімет сағаты өтті. Отырысқа вице-спикер Альберт Рау жетекшілік етіп, саланың жай-күйі туралы Көлік министрі Марат Қарабаев баяндады.



Кәмила ЕРКІН

Отырысты ашқан Альберт Рау Мемлекет басшысы алдағы үш жылда жалпы ішкі өнім құрылымындағы көлік-логистика саласының үлесін кемінде 9 пайызға дейін ұлғайту, саланы елдің экономикалық дамуының қозғаушы күштерінің біріне айналдыру міндетін қойғанын атап өтті.

Марат Қарабаев батыс пен шығыс арасындағы жүк айналымы 216 млн тонна, ал солтүстік-оңтүстік бойынша 206 млн тоннаны құрайтынын, ақша айналымы 1 трлн АҚШ долларынан асатынын айтты. Аталған жүк көлемінің 93 пайыздан астамы су көлігімен, 4 пайызы теміржолмен тасымалданады.

— Қазір қарқынды дамып келе жатқан 2 өзекті транзиттік дәліз бар. Біріншісі — Транскаспий халықаралық көлік бағыты. Оның өткізу қабілеті 6 млн тоннаны құрайды. Дәліздегі тасымал көлемі соңғы 4 жылда 800 мың тоннадан 4,1 млн тоннаға дейін көбейді. Осы уақыт ішінде жүктерді жеткізу мерзімі 58-60 күннен 13-15 күнге дейін қысқарды. Екіншісі — Солтүстік-Оңтүстік халықаралық көлік дәлізі. Жүк көлемінің негізгі үлесі Ресейде қалыптасып, Парсы шығанағындағы елдерге тасымалдауға арналған. Жалпы, өткізу қабілеті жылына 10 млн тоннаны құрайды, — деді М.Қарабаев.

Ел аумағында 13 халықаралық дәліз жұмыс істеп тұр, оның бесеуі теміржол және сегізі автомобиль жолдарына тиесілі. Осы бағыттар арқылы былтыр 32 млн тонна транзиттік жүк тасымалданған. Министр 2030 жылға қарай тасымалдау көлемін 74 млн тоннаға жеткізіп, 2,3 есеге арттыру міндеті тұрғанын айтты.

— Биыл 1 401 шақырым жол жөндеуден өтті. Тасымалдарды үзбеу және магистралді теміржолдардың қуаттылығын арттыру үшін Мемлекет басшысының тапсырмасы аясында 2029 жылға дейін 11 мың шақырым теміржол учаскелеріне жөндеу жұмыстары жүргізілмек. Оның 2 800 шақырымында тиісті жұмыстар аяқталды, — деді Көлік министрі.

Министрлік жолаушылар тасымалын дамыту бойынша да жұмыстарды жалғастыруда. Марат Қарабаевтың айтуынша, 2030 жылға қарай транзиттік жолаушылар санын 1 млн 500 мыңға, әуежайлардың жүк тасымалдау қуатын жылына 730 мың тоннаға дейін және ұшақтар паркін 119 бірлікке толықтыру есебінен тасымалдау қуатын 2,2 есеге арттыру жоспарланған.

Мәжіліс депутаты Нұртай Сабильянов қосымша баяндамасында Мемлекет басшысы 2029 жылға дейін 4 мың шақырымнан астам автомобиль жолын сапалы түрде реконструкциялауды тапсырғанын еске салды. Оның сөзінше, жергілікті жолдардың тек 31 мың шақырымына (44 пайыз) асфальт-бетон жабыны төселген. Ал қалған 39 мың шақырымына (56 пайыз) қиыршық, ұсақ тастар мен топырақ төселген.

ЖӘРМЕҢКЕ ӨНІМДЕРІ СҰРАНЫСҚА ИЕ

Осы жылдың желтоқсан айының басынан бастап еліміздің өңірлерінде 250-ден астам ауыл шаруашылығы жәрмеңкесі өтті, оған миллионға жуық азамат қатысты.

Мұндай деректер вице-премьер Серік Жұманғариннің төрағалығымен өткен негізгі азық-түлік өнімдерінің бағасын тұрақтандыру жөніндегі кеңесте айтылды. Сауда және интеграция бірінші вице-министрі Айжан Бижанова атап өткендей, жәрмеңкелерді өткізу тұрғындар арасында жоғары сұранысқа ие болуда, өкелінетін өнім көлемі толығымен сатылып жатыр.

Жәрмеңкелермен қатар өңірлердегі сауда сөрелеріне тұрақтандыру қорындағы көкөністер шығарылууда. Ауыл шаруашылығы вице-министрі Ермек Кенжеханұлының айтуынша, тұрақтандыру қорындағы 9,2 тонна картоп, 2,6 тонна сәбіз, 2,8 тонна пияз бен 2,1 тонна қырыққабат сатылған. Сондай-ақ кеңесте әр өңірдің қажеттілігін ескере отырып, алдағы мамыр айына дейін қорлардағы көкөністерді сату кестесі ұсынылды.

— «Қалбатау — Майқапшағай» тасжолын жөндеу 2019 жылдан бері бес жылға жуық уақыт жүргізіліп келеді. Бірақ жөндеу жұмыстары әлі күнге дейін аяқталған жоқ. Ұзындығы 412 шақырым болатын республикалық маңызы бар «Қызылорда — Жезқазған» автожолы ең үлкен мәселе болып отыр. Осы учаскені жөндеу жұмыстарын аяқтауды жеделдету керек. Министрлік осы мәселелерді шешу жөнінде шаралар қабылдауы қажет, — деді Н.Сабильянов.

Сондай-ақ депутат әуекөлігі саласында әуе-жай жабықтарының, техникалық құралдары мен инфрақұрылымының ескіруі, авиация құнын жоғары болуы, тиімсіз жоспарлау және ұшақтардың жетіспеушілігі мәселелері бар екеніне назар аударды.

Жиынға қатысушылар баяндамашыларды тыңдаған соң тақырыпты талқылап, нақтылау сұрақтарын қойды. Депутаттардан бөлек «Қазақстандық жүк теміржол тасымалдаушылары қауымдастығы» өзін-өзі реттейтін ұйымы» ЗТБ бас директоры Рания Сараева, «Қазақстанның азаматтық авиация қауымдастығы» заңды тұлғалар бірлестігінің өкілі Ерлан Оспанов сөз сөйледі.

Депутаттар «Жезқазған-Бейнеу» және «Бейнеу-Түркіменстан шекарасы» бағыттарының қазіргі жүктемесі мен тиімділігі, елден өтетін транзиттік жүк көліктері мен айналма жол, рұқсат бланкілерін беру кезіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдері, тасымалдаушыларға арналған экологиялық стандарттар және әуе тасымалындағы кедергілер, автомобиль және теміржол бойында интернеттің қолжетімді болуы, сондай-ақ жол бойындағы антенналық дінгек құрылымдарының құрылысы, көлік инфрақұрылымын жаңарту шаралары және басқа да мәселелерді көтерді.

Жиын соңында Альберт Рау көлік-логистикалық әлеуетті дамыту Қазақстан экономикасы үшін жылдар бойғы басым бағыттың бірі болып отырғанын ерекше атап өтті.

— Осы жылдар ішінде мемлекет тарапынан бұл салаға қыруар қаржы бөлінді. Қазақстан-Қытай шекарасында бізде іс жүзінде ешқандай өткел болған жоқ, порттар дамымады. Мұның барлығы мемлекеттен миллиардтаған инвестицияны қажет етті. Олар ел экономикасы үшін қызмет етуі қажет екенін бүгін депутаттар баса айтты. Сонымен қатар біз енді кез келген жағдайда мемлекеттік бюджетке жүгінбей, көлік-логистика саласына жеке инвестиция салудың барлық мүмкіндігін қарастыруымыз керек, — деп түйінделі сөзін Мәжіліс төрағасының орынбасары.

Ол Үкімет сағатында мазмұнды пікірталас болғанын, депутаттардың барлық сұрағы мен ұсыныстары Үкіметке жолданатынын айтты.



Өткен аптаның қорытындысы бойынша әлеуметтік маңызы бар азық-түлік өнімдері бағасының орташа өсу индексі — 0,1%-ды, ал жыл басынан — 1,1%-ды құрады.

«РУХТАСТАР» СЫЙЛЫҒЫ: ҮЗДІК ЖАСТАР МАРАПАТТАЛДЫ

(Басы 1-бетте)

«AMANAT» партиясының Атқарушы хатшысы Дәулет Кәрібек құттықтау сөзінде елде жастарды қолдауға, олардың әлеуетін ашуға, кәсіби өсуіне жағдай жасауға және білім сапасын арттыруға бағытталған жүйелі шаралар жүзеге асырылып жатқанын атап өтті.

«Әділетті Қазақстан білімді әрі еңбеккер жастардың күшімен құрылады. Сондықтан Президент Қасым-Жомарт Тоқаев әр Жолдауында жастарға ерекше назар аударады. «AMANAT» партиясы жастарға әрдайым қолдау көрсетіп, олардың еңбегін бағалайды. Біздің жастарымыз мақтанға тұрарлық! Ел үшін қиын-қыстау кезеңдерде — пандемия, өрт, су тасқындары кезінде дәл осы жанашыр жас

үлес қосып жүрген жас көшбасшылар қауымдастығы», — деп атап өтті ол.

Сонымен қатар «Рухтастар» сыйлығы өздерін дәлелдеген белсенділер мен волонтерлерді ынталандырып қана қоймай, олардың үлгісін өзге жастарға көрсетіп, жана жетістіктерге шабыттандырады және ортақ мақсаттарға біріктіреді.

«Рухтастар» сыйлығы — бұл жай ғана марапат емес. Бұл — болашақтың жарқын болуын армандап қана қоймай, сол үшін күнделікті еңбек етіп жүрген жастарға алғыс білдіру мүмкіндігі. Әр жеңімпаз — қайсарлықтың, табандылықтың және айналасындағы әлемді жақсы жағына өзгертуге деген шынайы ұмтылыстың үлгісі. Мұндай жастар кез келген жағдайда — су тасқынынан зарлап шеккендерге көмек көрсетуде болсын немесе инновациялық жобаларды жүзеге

Биыл байқауға 18 бен 35 жас аралығындағы жастардан 500-ге жуық өтінім түсті. Іріктеу бірнеше кезеңнен тұрды: 25 қарашадан 5 желтоқсанға дейін өтінімдер «Жастар Рухы» ресми сайтында қабылданып, кейін республикалық конкурс комиссиясының қарауына жіберілді. Жеңімпаздарға статуеткалар, дипломдар және арнайы сыйлықтар табыс етілді.

«Қайсар» жыл батыры номинациясымен Астана қаласы 24-ші мамандандырылған өрт сөндіру бөлімінің бөлімше командирі Елдар Қанафиянов марапатталды. Ол Биыл Қостанай облысы Тобыл қаласында су тасқыны кезінде эвакуация және құтқару жұмыстарын ұйымдастырды. Кейін Батыс Қазақстан облысына көмекке барып, тұрғындарды және үй жануарларын құтқару жұмыстарын жүргізді.



үстіне гидропоникалық әдіспен дәнді дақылдарды өсіріп, жоғары өнімділікке қол жеткізген.

«Бұл жобаны жүзеге асыру арқылы біз электр стансасының жұмысының тиімділігін арттырып қана қоймай, заманауи технологиялардың мүмкіндіктерін толық пайдалануға мүмкіндік аламыз. Осы еңбегім еленіп, «Ыстық қайрат» аталымында жеңімпаз болу — мен үшін үлкен мәртебе. Бұл маған әрі қарай да талмай еңбек етуге зор жігер береді», — деді ол.

«Жылы жүрек» жыл еріктісі атағына Қостанай өңірлік университетінің 3-курс студенті Есімхан Әмірғалиев пен М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің 4-курс студенті Дархан Қуатов лайық деп танылды.

«Жылдың әлеуметтік жобасы» номинациясында «CERO.KZ» жобасының авторы Ясса Танир жеңімпаз атанды. Оның жобасы қоршаған ортаның жағдайын бақылау үшін экологиялық патрульдер құруды, қалдықтарды қабылдау және қайта өңдеу пункттерін ашуды, сондай-ақ табиғатты қорғауға бағытталған басқа да шараларды қамтиды.

Ал «Белсенді рухтас» жыл белсендісі номинациясы бойынша әр аймақтық филиалдан 20 белсенді жас марапатталды.

Сонымен қатар «Жастар Рухы» жастар қанатының ең үздік бөлімшесі ретінде Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті мен Қызылорда қаласындағы бөлімшелер танылды. Ал «Үздік филиал» атағын Түркістан және Қарағанды облыстарындағы жастар қанатының филиалдары бөлісті.



патриоттар алдыңғы шепте болып, халыққа көмек көрсетті. Ең прогрессивті идеялар, инновациялық шешімдер мен креативті жобалар біздің партия белсенділеріміздің қолынан шығады. «Рухтастар» — бұл Қазақстанның дамуына зор

асыруда болсын, көшбасшы болуға және қоғамға қолдау көрсетуге дайын. Бұл сыйлық бізді ортақ мақсат — Әділетті Қазақстанды құру жолында бірігіп шабыттандырады», — деді «Жастар Рухы» жастар қанатының төрағасы Ақерке Искандерова.



«Нұрлы ақыл» үздік жас ғалым аталымына ғылыми ізденістерін жетілдіру үшін Алматы облысы әкімінің грантын ұтып, зертханасын ашқан Мағжан Ысқақов лайық деп танылды. Ол өзінің ғылыми еңбегінде арнайы пластик ыдыстардың

«У.Қантаева атындағы Мойнақ СЭС» АҚ өндірістік-техникалық бөлімінде режимдік мәселелер бойынша инженері Сұлтан Әуенкулов автоматтандыру және цифрландыру жобаларын әзірлегені үшін «Ыстық қайрат» еңбек адамы марапатын алды.

ДЕПУТАТТАР ЕСЕП БЕРДІ



Батыс Қазақстан облыстық мәслихатында «AMANAT» партиясынан сайланған депутаттар кезекті есебін берді. Олар 2023-2027 жылдарға арналған сайлауалды бағдарламаның іске асырылу барысы туралы айтты. Онда көрсетілген мақсаттарға жету үшін Жол картасы жасақталған еді. Сол Жол картасы аясында атқарылған іс-шаралар мен орындалған уәделер туралы сөз қозғалды. Депутаттардың есебін облыс әкімі Нариман Төреғалиев тыңдады.

Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА,
Батыс Қазақстан облысы

«AMANAT» партиясының Батыс Қазақстан облысы бойынша 2023-2027 жылдарға арналған сайлауалды бағдарламасын іске асыру жөніндегі Жол картасында төрт басым бағыт бойынша биыл 104 іс-шараны іске асыру жоспарланған. Депутаттардың есебінен байқағанымыз, осы шаралардың 50 пайызы орындалыпты. Қалғаны жылдың аяғына дейін жүзеге асады.

«AMANAT» партиясының БКО филиалы сайлауалды бағдарламаны орындауда негізгі төрт тармаққа басымдық беріп отыр. Бұлар: біріншіден, халықтың кірісін көбейту, екіншіден, өмір сапасын арттыру, үшіншіден, өмір сапасын жақсарту жолы, төртіншіден, экологиялық жағдайды жақсарту. Міне, осы төрт бағыт бойынша орындалған жұмыстар баяндалды.

— «Кірістерді арттыру» бағыты бойынша 16 мыңнан астам жұмыс орны ашылып, ол жерге 9 622 адам тұрақты жұмысқа орналасты. 2024 жылы 24,3 млрд теңгеге 15 инвестициялық жоба ашуды жоспарлап отырмыз. Ол жерде 1 027 адам тұрақты жұмыс істейтін

болады. Бұдан бөлек, кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба шеңберінде 710 кәсіпкердің жобасы қолдау тапты. Жол картасының «Өмір сапасын арттыру» атты екінші бағыты бойынша 465,4 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға беріліп, 4 092 азамат тұрғын үймен қамтамасыз етілді. 2024 жылы облыстық маңызы бар автомобиль жолдарын жөндеуге 19,9 млрд теңге қарастырылып, оған ұзындығы 95,5 шақырым жолды жөндеу бойынша 9 жоба іске асырылды. Бүгінде облыс жолдарының 62,5 шақырым асфальт-бетон жабыны төселді, — деп атап өтті мәслихат депутаттарының алдында есеп берген БКО Стратегия және экономикалық даму басқармасының басшысы Бибігүл Қонысбаева.

Сайлауалды бағдарламада айтылған өмір сапасын жақсарту тармағы бойынша да облыста біраз шаруа шешілген. Атап айтсақ, биылдың өзінде 16 мектепке дейінгі ұйым ашылды. Бұдан бөлек, 8 мектептің құрылысы жоспарланып, биылғы соның екеуі қолданысқа берілген. Денсаулық сақтау саласында осы жылы «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» жобасы аясында 12 медициналық нысанның құрылысы жоспарланған, бүгінде 9 нысан пайдалануға беріліп, 13 нысанға күрделі жөндеу жүргізіліпті.

— Жол картасының төртінші бағыты — «Экологиялық жағдайды жақсарту» бойынша орман алқабын аттыруды көздеп отырмыз. Осы бағытта 2024 жылға 3,9 мың гектар аумақта 14,9 млн түп ағаш отырғызу жоспарланды және қазіргі таңда 2 087 гектар аумақта ағаш егу және 1 155 гектар аумақта толықтыру жұмыстары жүргізіліп, 8,1 млн түп ағаш екпелері отырғызылды. Облысымызда су тасқыны орын алуына байланысты жарияланған төтенше жағдайға сәйкес ағаш отырғызуға дайындалған жер учаскелері және облыстың 8 тұқымбағының 6-ы Жайық өзені қойнауының жайылуына байланысты су астында қалды. Сол себепті бұл тұқымбақтардағы өткен жылдардың екпелері және 2023 жылы себілген орман тұқымдары шықпай қалған болатын. Сонымен бірге, Жол картасының 2024 жылғы 12 іс-шарасының орындалмау тәуекелі бар екенін атап өтеміз. Мұның себебі — биылғы көктемгі су тасқыны. Төтенше жағдай салдарынан зарлап шеккен нысандарды қалпына келтіру жұмыстарына құрылыс мекемелерінің барлық адам ресурстары және құрылыс техникаларының бағытталуына байланысты кейбір көрсеткіштің орындалмау қаупі бар, — деп атап өтті Бибігүл Қонысбаева.

Сонымен қатар биыл спорт және мәдениет саласында да біраз жұмыс атқарылғаны айтылды. Атап айтсақ, мәдениет саласында төрт бірдей нысанға күрделі жөндеу жүргізілген. Ал спортта екі нысанның күрделі жөндеуі аяқталып отыр. Жиын соңында «AMANAT» партиясының БКО мәслихат депутаттары елге берген уәдені орындау мақсатында әлі талай жоспарлы істер күтіп тұрғанын айтты.

23 желтоқсан күні «AMANAT» партиясының мүшелері, атап айтқанда, партияның Павлодар облыстық филиалы атқарушы хатшысының міндетін атқарушы Айгүл Мұхамедиярова, облыстық мәслихат депутаттары және «AMANAT» фракциясының мүшелері Асылбек Туғанбай мен Света Абдраманова «Алтын Сақа» инновациялық шығармашылық орталығында болды. Бұл бірегей орталық бұған дейін қосымша білім беру мекемелері болмаған Екінші Павлодар шағынауданында ашылған.

«АЛТЫН САҚА» ОРТАЛЫҒЫНА БАРДЫ



Айгүл Мұхамедиярованың айтуынша, орталықтың ашылуы шағынаудан тұрғындары үшін көптен күткен оқиға болды. «Екінші Павлодар тұрғындары заманауи балалар орталығына мұқтаж екенін бұрыннан айтып келген. Бұл уәдені орындалғанын көру қуантады. Енді жас ұрпақтың білім алып, дамып, пайдалы уақыт өткізе алатын орны бар», — деп атап өтті ол.

«Алтын Сақа» орталығы балаларға қосымша білім беру үшін заманауи база ұсынады. Мұнда IT-студия, робототехника үйірмелері, шығармашылық, спорттық және музыкалық бағыттағы секциялар жұмыс істейді. Шеберханаларда темір ұсталығы, ағаш ұсталығы және тігін ісі бойынша сабақтар өткізіледі. Балаларға қолайлы болу үшін буфет те қарастырылған.

Орталық басшысы Саян Мұқановтың айтуынша, мекеменің жобалық қуаттылығы 5000 баланы қамтиды. Қазір орталыққа

Екінші Павлодар мен қаланың басқа да аудандарынан 1000-нан астам бала келеді. «Облыс басшылығының қолдауымен ғимаратқа қайта жөндеу жүргізіліп, ол жана өмірге ие болды. Бүгінде біз шағынауданның сабақтан тыс уақыттағы қажеттіліктерін толық қамтамасыз етіп отырмыз», — деді Саян Мұқанов.

Орталыққа 6 жастан бастап колледжді аяқтағанға дейінгі балалар қабылданады. Мұндағы барлық 17 оқу бағыты тегін, бұл әр отбасы үшін білім алуды қолжетімді етеді. Жақын арада жана секцияларды дамыту, байланыс спорт түрлері, мектепке даярлық, шет тілдері мен мемлекеттік тілді оқыту жоспарда бар.

Ерекше назар жергілікті тұрғындарды жұмыспен қамтуға аударылған. Орталықтың негізгі қызметкерлері — жақын маңдағы көшелердің тұрғындары, ал педагогикалық құрамы қаланың әртүрлі ауданынан келген мамандармен толықтырылған.

ДАМУ

24 ЖЕЛТОҚСАН 2024 | СЕЙСЕНБІ

Елордамыз Астананың көрікті жері Орталық саябақта шаңғы тебу маусымы ашылды. Шаңғы жарысы бірнеше жас ерекшеліктері бойынша 500 метр және 2,5 шақырым қашықтықта өтті.

АСТАНАДА ШАҢҒЫ МАУСЫМЫ АШЫЛДЫ

Әсет ҚАЛИ

Орталық саябақтағы шаңғы-роллер жолы қала тұрғындарының сүйікті орындарының біріне айналған. Қыс мезгілінде мұнда көптеген спорт әуесқойлары жиналып, таза ауада уақыт өткізеді. Ұйымдастырушылар алдағы уақытта да осындай шараларды тұрақты өткізіп тұратынын жеткізді.

Қысқы шаңғы маусымының ашылуына орай ұйымдастырылған жарыстың алғашқы сайысына 11 жасқа дейінгі балалар қатысты. Олар 500 метр қашықтықта жарысып, жылдамдығы мен төзімділігін сынады. Ал 12 жасстан асқандар 1 шақырымға жүгірді. Жүзден жүйрік шыққандардың қатарында 6-сынып оқушысы Айдарбек Абылайхан да бар.

— Мен биатлонмен айналысып жүргеніме үш айдай уақыт болды. Бұл спорт маған өте қатты ұнайды әрі ерекше шабыт береді. Әсіресе, осы жолда маған үлкен қолдау көрсетіп жүрген бапкерім Евгенийге шын жүректен алғыс айтқым келеді. Ол маған тек бапкер ғана емес, өмірде де ақылшы әрі жақын адам болып келеді. Шаңғы спортының денсаулыққа пайдасы зор. Бұл спорт түрі менің физикалық жағдайымды жақсартып қана қоймай, төзімділік пен ерік-жігерді дамытуға көмектесуде. Спортпен айналысу — саламатты өмір салтының маңызды бөлігі. Өкінішке қарай, спортсыз өмір сүретін адамдар жиі ауырып, әлсіздікке бой алдырады, — дейді Айдарбек Абылайхан.

Жасөспірімдер, орта жастағылар мен зейнеткерлер 2,5 шақырымды бағындырды. «Бұл жердегі негізгі мақсат жеңімпаз атану емес. Бастысы мәре сызығын кесіп, өз-өзіңді шындау және саламатты өмір салтын ұстануға тәрбиелеу», — дейді қатысушылар.

«Биылғы қыс шаңғы жарысын өткізуге өте ыңғайлы. Шаңғы маусымының ашылуын осы уақытқа жоспарлаған себебіміз — ауа райына байланысты. Тағы да айтарымыз, қардың қалыңдығы шаңғы жолын жоғары деңгейде жасауға мүмкіндік беріп отыр. Шаңғы — қысқы спорттардың арасында ең танымалдарының



Айта кетейік, Орталық саябақта жұмыс күндері сағат 19:00-ден 21:00-ге дейін шаңғыны жалға алып, өздігінен сырғанауды үйренуге болады. Жаттықтырушының көмегі қажет болған жағдайда, балалар үшін айына 35 мың теңге, ересектер үшін айына 40 мың теңге тұратын секция қарастырылған.

— Шаңғымен жүйелі түрде шұғылданып жүргеніме 10 жылдай боп қалды. Өзім полиция қызметкерімін. Сондықтан спорттың осы түрін таңдадым. Аптасына 3-4 рет сырғанаймын. Себебі шаңғы бүкіл дененің, қолдың, аяқтың қозғалысына әсер етеді, — дейді қала тұрғыны Жомарт Боранбаев.

Астана тұрғындары үшін бұл маусым тек спортты насихаттау ғана емес, саламатты өмір салтын қолдауға бағытталған үлкен мүмкіндік. Шаңғы тебуді жақсы көретіндер үшін алдағы қыс айлары қызықты өтетіні сөзсіз. Сонымен қатар қала тұрғындары мен қонақтары үшін қолжетімді әрі қызықты спорт түрлері де кеңінен тара-

Бұдан бөлек, жаңа жылдық безендірілген шыршалар мен кейіпкерлердің мүсіндері Абай даңғылындағы «Жазушылар» гүлзарында, сондай-ақ Өндіріс, Кирпичный, Казгородок тұрғын алаптарында орнатылды. Сонымен қатар аудандағы мектептер мен ауаларда (№5 гимназия, №27, 34, 8, 87 мектептер мен Кеменгерұлы көшесі 8, Жұбанов көшесі 3 мекенжайлары) жеті мұз айдыны құйылды.

Алматы ауданының тұрғындары мен қонақтары үшін де арнайы демалыс алаңдары жасқалды. Оларды атап өтсек, «Қазақ елі» монументі аумағы, Президенттік саябақтың Байтұрсынов көшесі жағында, Ақбулак өзені жағалауында және Триатлон парк сияқты орындарда мұз төбешіктері мен сырғанақ алаңдары пайда болды. Ал «Жерұйық» саябағында инвестордың қолдауымен төбешік пен мұз айдыны орнатылды.

Сарыарқа ауданында да қысқы спорт пен демалыс үшін бірнеше орын дайындалды. Есіл өзенінің жағасында Кенесары хан



Астана тұрғындары үшін бұл маусым тек спортты насихаттау ғана емес, саламатты өмір салтын қолдауға бағытталған үлкен мүмкіндік. Шаңғы тебуді жақсы көретіндер үшін алдағы қыс айлары қызықты өтетіні сөзсіз. Сонымен қатар қала тұрғындары мен қонақтары үшін қолжетімді әрі қызықты спорт түрлері де кеңінен таралып жатыр.

бірі. Астанамызда шаңғы спортымен айналысатын адам саны өте көп. Бүгінде шаңғы маусымының ашылуына еңбектеген баладан еңкейген қарияларға дейін қатысып жатыр. Ең қарт қатысушымыз — 83 жаста. Шаңғы жарысынан бөлек, шаңғы маусымының ашылуында белбеу күресі, қол күресі, арқан тартыс, гир тасын көтеру бәсекесінен сайыс ұйымдастырылды, — деді Астана қаласы әкімдігінің «Спорттық-бұқаралық іс-шараларды өткізу дирекциясы» КММ спорттық-бұқаралық іс-шараларды жоспарлау бөлімінің басшысы Көлбай Жанбек.

Биылғы шаңғы маусымында қатысушылар 7 жас санаты бойынша сынға түсті. Іс-шараға тілек білдірушілердің барлығы қатысып, әр қатысушы өз шаңғысымен келді. Алғаш рет қатысқандар шаңғыны 2 000 теңгеге жалға ала алды.

лып жатыр. Қаланың әр ауданында мұз қалашықтары, жаңажылдық шыршалар, төбешіктер мен мұз айдындары орнатылып, қысқы демалысты қызықты өткізуге барынша жағдай жасалды.

Мысалға, Байқоңыр ауданында биыл бес мұз қалашығы жайластырылып, жаңажылдық демалысқа арналған түрлі нысан орнатылуда.

«Жастар» сарайының аумағында ауданы 400 шаршы метр болатын мұз айдыны мен 6 метрлік төбешік пайда болды. Сондай-ақ мұнда биіктігі 15 метр болатын жаңа жылдық шырша орнатылады. Шырша маңында Аяз ата мен Ақшақардың мүсіндері, Санта үйі және жарықтандырылған субуркалар бар. Мұнда келушілер үшін конькилер мен тюбингтерді жалға алу пункттері мен фудкорттар жұмыс істейді.

ескерткішінен «Серуен» көпіріне дейін екі құламадан тұратын бес төбешік орнатылды. Көктал саябағы, Бейбітшілік көшесі 11, 189-шы көше, Қосшығұллы мен Бейсекөв көшелерінің қиылысы сияқты мекенжайларда да төбешіктер салынды. Жақын арада Оқжетпес пен А.Герцен көшелерінің қиылысында төбешік, ал «Демалыс променад» аумағында мұз айдыны ашылды.

«Шаңғы маусымындағы адамның көптігі жақсы әсер сыйлайды. Өзім жүзүмен айналысамын. Ал қысқы мезгілде шаңғыға ден қойдым. Бір жылдан бері шұғылданғанымның арқасында төзімділігімді арттырдым. Спорттағы жетістігім өмірге де септігін тигізетініне сенімдімін», — деді шаңғы маусымының ең жас қатысушыларының бірі, 9 жастағы Кеңшілік Ахмат.

Жарыс соңында жеңімпаздар мен жүлдегерлерге арнайы медаль, диплом мен бағалы сыйлықтар табысталды. Мәреге соңынан жеткен қатысушылар да елеусіз қалмады.



ЖАҢАЖЫЛДЫҚ БАЗАРЛЫҚ

Астанадағы «Динамо» аула клубында тәрбиеленушілерге арналған жаңажылдық кеш өтті. Қала әкімдігінің қолдауымен «Астана жастары» жастар ресурстық орталығы ұйымдастырған шараға халықтың әлеуметтік осал тобы санатына жататын спортшылар және бапкерлер, ата-аналар қатысты.



Тілегүл ЕСДӘУЛЕТ

клубтарын дамыту бөлімінің басшысы Олжас Хамитов.

Мерекелік кеште «Динамо» аула клубы бір жылдық жұмысын қорытындылап, үздік спортшыларды марапаттады. Сонымен қатар еліміздің чемпиондары мен түрлі республикалық байқаулардың жеңімпаздарына мерекелік құрмет көрсетілді. Мейрам қарсаңында спорт пен дене шынықтыруды дамытуға, саламатты өмір салтын қалыптастыруға қосқан үлестері үшін алғысхаттар табысталды, түрлі сыйлықтар үлестірілді. Ән мен би, әсем күй тегілген салтанатты жиында қалт сыйыбы оқушылары ұсынған әскери патриоттық қойылым көрерменнің ықыла-сына бөленіп, кеш шырайын аша түсті.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, биылғы спорттық бәсекелерден жағымды жаңалық көп. «Динамо» аула клубының 5 тәрбиеленушісі таэквондодан ұлттық құрама сапына алынды.

— Астана қаласы әкімдігінің «Астана жастары» жастар ресурстық орталығының және қалалық Полиция департаментінің қолдауымен «Динамо» аула клубында жастар мен бүлдіршіндерге, Астана қаласы аула клубтары-

Мен 10 жылдан бері таэквондо спортына қатысып, жаттығып келемін. Қара белбеу екінші дан иегерімін. Жетістіктерге жеткізген бапкеріме рақмет айтамын. Жаңажылдық кеш өте көңілді болды. «Динамоға» сыйлықтары үшін рақмет айтамын, — деді «Динамо» дене шынықтыру және спорттық қоғамының тәрбиеленушісі Әдемі Жалғасбаева.

Ал қаратә үйірмесіне қатысушы Руханиятқа жаңажылдық кеш қатты ұнады. — Кеш өте көңілді болды. Қаратәде жеткен жетістіктерім бағаланып, сыйлықтар алдым. Ұйымдастырушыларға көп-көп алғыс айтамын. Келе жатқан жаңа жыл барлықтарыңызға құтты болсын, — деді ол.

Елімізде балалар мен жасөспірімдерге арналған түрлі



ның тәрбиеленушілеріне арнап, әскери патриоттық бағытта жылдық қорытынды және жаңа жыл күрметіне мереке өтті. Көзге түскен үздіктерді жеке марапаттадық. «Динамо» аула клубы бұл спорт қана емес, тағы әлеуметтік дағдыны дамытатын үлкен орта саналады. Мәселен, робототехника, тауға өрмелеу және нысана көздеу сияқты үйірмелер де бар. Көмелетке толмағандар ісі бойынша инспекциясының есебінде тұрған жасөспірімдер де осында дене шынықтырады. Саламатты өмір салтын ұстанады. Қазіргі күні клуб бірқатар федерациямен ынтымақтастық орнатты. Бұл арқылы болашағынан көп үміт күттіретін жастардың шеберлігі шындалады, — деді қала әкімдігі жанындағы «Астана жастары» ЖРО» КММ аула

көптеген аула клубтары жұмыс істейді. Олар жасөспірімдерді спортқа баулып, саламатты өмір салтын сақтауға, қабілеттерін шыңдауға және шығармашылық бастамаларына қолдау көрсетіп, идеяларын жүзеге асыруға, бос уақытын тиімді ұйымдастыруға бағыт-бағдар береді. Әдетте, мұндай клубтар бір ауданда тұратын оқушыларды топтастырып, жасөспірімдердің уақытын тиімді жоспарлауға үйретеді. Бүгінгі күні Астанада 13 аула клубы, 4 коворкинг орталығы жұмыс істейді. Онда 7 000-ға жуық жасөспірім түрлі бағыттағы үйірмелерге қатысып жүр. Мұнда әсіресе аз қамтылған, көпбалалы және толық емес отбасылардан шыққан балалар үшін, сондай-ақ ерекше қажеттіліктері бар балалар үшін тегін үйірмелер бар.

